

**Бесқарағай ауданы Қарабас ауылдық округінің Қарабас ауылында және "Қалижан" шаруа қожалығында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Қарабас ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 05 мамырдағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 01 маусымда № 4555 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Қарабас ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 28 наурыздағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Қарабас ауылдық округі әкімінің 28.03.2017 № 1 шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 - бабы 2 - тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 - бабы 7) тармақшасына, ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Бесқарағай аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2016 жылғы 12 сәуірдегі № 77 ұсынысы негізінде Қарабас ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Ірі қара малдардан бруцеллез ауруының шығуына байланысты Бесқарағай ауданы Қарабас ауылдық округінің Қарабас ауылында және "Қалижан" шаруа қожалығында шектеу іс-шаралары орнатылсын.
2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.
3. Шешім ресми алғашқы жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарабас ауылдық округінің әкімі*

*О. Болысбеков*